

АҚЫН

Қасиетті құрбандыққа
Айтпаса егер Аполлоны,
Ақын сорлы ол уақытта
Шырмар келіп дүние торы.

Шертпес лира, күйсіз-үнсіз,
Жанын меңзер салқын ұйқы;
Дүние құлы өңшең құнсыз
Ортаға алар, кетер сыйқы.

Кенет, бірақ, керемет үн
Ести қалса құлағын сап,
Сілкінер кеп ақын шіркін,
Сақ оянған бүркітке ұсап.

Дүние-думан, ол қайғылы
Безер аулақ жұрт сөзінен;
Тұрса дағы құдай ұлы
Бас имес өр мінезімен.

Қашады аулақ, қатал, тағы,
Дегберсіз ой, толған бір күй;
Толқындардың долы ойнағы,
Шулы ормандар тартады ылғи.